

“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ  
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ,  
БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ЖӘНЕ  
ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН  
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ  
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ДЕПАРТАМЕНТІ” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
“ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА  
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ  
МОНОПОЛИЙ, ЗАЩИТЕ КОНКУРЕНЦИИ  
И ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ  
МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ  
ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ”

## БҰЙРЫҚ

*2018 жылғы 21 мамырдақ*

Талдықорған қаласы

## ПРИКАЗ

*№ 458-КБ*

город Талдықорған

### **«Талдықорған Акционерлік электржүйелерінің тасымалдау компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру және бөлу қызметіне ұзақ мерзімді кезеңге тарифтердің шекті деңгейін және тарифтік сметаларын төмендетіп бекіту туралы**

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына, 14-бабы 1-тармағының 11-1) тармақшасының бірінші бөлігіне және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 19 наурыздағы N 91-НҚ бұйрығымен бекітілген Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету ережесіне сәйкес  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. қоса беріліп отырған №1 қосымшаға сәйкес «Талдықорған Акционерлік электржүйелерінің тасымалдау компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру және бөлу қызметіне ұзақ мерзімді кезеңге тарифтердің шекті деңгейі және тарифтік сметалары төмендетіліп бекітілсін.

2. «Талдықорған Акционерлік электржүйелерінің тасымалдау компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру және бөлу қызметіне ұзақ мерзімді кезеңге тарифтердің шекті деңгейін және тарифтік сметаларын төмендетіп бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 127-НҚ және «Талдықорған Акционерлік электржүйелерінің тасымалдау компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру және бөлу қызметіне уақытша өтемдік тарифін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2018 жылғы 25 шілдедегі № 266-НҚ бұйрықтарының күші жойылсын.

3. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Талдықорған Акционерлік электржүйелерінің тасымалдау компаниясы» акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.

4. Талдау және ұйымдастыру жұмысы бөлімі бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне ұсынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

6. Осы бұйрық 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1, 2-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Департамент  
басшысының орынбасары



**Г. Шарапиева**